

3-апта

Сабақтың тақырыбы: Банк қызметі.

Ақшаны үнемдей білесіз бе?

Грамм: Сан есімдердің мағыналық топтары, қолданысы.

Тақырыпқа байланысты сөздік:

1. Ағымдағы шот - текущий счет
2. Айырбас - обмен
3. Ақша реформасы - денежная реформа
4. Ақша-несие саясаты - денежно-кредитная политика
5. Банктің құпиясы - банковская тайна
6. Банктің операциялары - банковские операции
7. Депозиттік шот - депозитный счет
8. Екінші деңгейлі банктер - банки второго уровня
9. Жарғылық капитал - уставный капитал
10. Кепілдік - гарантия
11. Коммерциялық іс - коммерческое дело
12. Қарыз алушы - заемщик
13. Қарыз беруші - кредитор
14. Құрылтайшы - учредитель
15. Мемлекеттік орган - государственный орган

16. Несие мөлшерлемесі - кредитная ставка
17. Несиелік келісім - кредитный договор
18. Несиелік қарыз - кредитный займ
19. Несиелік портфель - кредитный портфель
20. Орталық банк - центральный банк
21. Пайда - прибыль
22. Сұраныс - спрос
23. Тартылған капитал - привлеченный капитал
24. Тәуекел - риск
25. Тиімді пайыз - эффективный процент
26. Тұтыну несие - потребительский кредит
27. Ұлттық банк - национальный банк
28. Ұлттық валюта - национальная валюта
29. Ұсыныс - предложение
30. Халықаралық валюталық қатынас - международные валютные отношения
31. Үнемдеу – экономить
32. Қаржы – финансы,
33. Кіріс – доход
34. Шығын– трата

Ой қозғау

1. Қазақстанда қандай банктер бар?
2. Сіз қандай банкпен жұмыс жасайсыз?
3. Банк қызметіне нелер жатады?

Какие банки есть в Казахстане?

С каким банком вы работаете?

Что такое банковское дело?

Тапсырма 1. Мәтіндерді оқып, мазмұнын айтыңыз.

Банк туралы не білеміз?

«Банк» Италияның «banco» («айырбас орны», «ақша үстелі») деген сөзінен шыққан. Банко - үстелдер тауарлардың сауда-саттығы қызу жүретін алаңдарға қойылатын. Алғашқы банк 1407 жылы Генуяда пайда болды. XV ғасырда ең ірі танымал банк Флоренциядағы Медичи банкі еді. Оның Еуропада 16 филиалы болған. Банктің ең негізгі қызметтерінің бірі - несие беру. Банк несиені қысқа мерзімге (1 жылға), орта мерзімге (1, 3, 5 жылға), ұзақ мерзімге (3, 5, 6 жылға) бере алады. Біздің елімізде банктің 2 түрі бар. Олар: ұлттық және коммерциялық банк.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі

1991 жылы «Қазақстан Республикасының банктері туралы Заң» қабылданып, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі осы жылдың қаңтар айында құрылды. ҚР Ұлттық банкі - Үкіметтің бас банкирі. Ұлттық банктің негізгі міндеттері - ҚР ұлттық валютаның ішкі және сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз ету. Ұлттық банк - әрі заңды төлем құралын, әрі банкноталарды шығаруға құқы бар жалғыз ғана мемлекеттік орган. Ұлттық банк Үкіметке бағынады. Оның ақша шығаруға және ақша айналысын реттеп отыруға айрықша құқығы бар. Сонымен, Ұлттық банк бағалы қағаздар мен шетелдік валютаны сатып алады, алтын қордың резервін сақтайды. Банкте мемлекет қаражаты, шаруашылық қаражаты, халықтың жинақ ақшасы болады. Ұлттық банк өзінің қызметтерін жергілікті жерлердегі басқармалары мен Алматы қаласының бас филиалы арқылы жүзеге асырады. Ұлттық банк төрағасы тек ҚР Президентінің ұсынуымен ғана 6 жылға дейінгі мерзімге сайланады.

Тапсырма 2. Сұрақтарға жауап берейік

- ▶ 1. «Банк» сөзі қай тілден алынған?
- ▶ 2. Банктің түрлерін атаңыз.
- ▶ 3. Қандай коммерциялық банктерді білесіз?
- ▶ 4. Банк қандай қызмет атқарады?
- ▶ 5. Қай банктің төрағасын ҚР Президенті ұсынады?
- ▶ 6. Ұлттық банктің негізгі міндеттері қандай?
- ▶ 7. Қазақстан Ұлттық банктің төрағасы неше жылға сайланады?
- ▶ 8. Бүгінгі күні ҚР Ұлттық банктің төрағасы кім? (Ерболат Досаев/ Ғалымжан Пірматов)

Тапсырма 3. Экономикалық терминдерді дәптеріңізге жазып, сөйлем құраңыз.

Банктік жүйе, банктік төлем, банк қызметі, банк саясаты, негізгі банк, танымал банк, банк түрлері, банктік несиесі, банк бөлімшесі, банк ғимараты, банк қызметкері.

Тапсырма 4. Сұхбаттарды оқыңыз. Өзіңіз сұхбат құрыңыз.

Бірінші сұхбат

- ▶ **Салымшы:** - Қайырлы күн!
- ▶ **Банк қызметері:** - Сәлеметсіз бе! Біздің банкке қош келдіңіз!
- ▶ **Салымшы:** - Мен «Орман өнімдері» Акционерлік қоғамынан келіп тұрмын. Өзімнің қаражатымды депозиттік салымға салуды жоспарладым. Сіздің банкіңіз маған көмектесе ала ма?
- ▶ **Банк қызметері:** - Әрине, көмектесеміз. Сіз салымыңызды қандай валютамен салуды ұйғардыңыз?
- ▶ **Салымшы:** - Теңгемен саламын.
- ▶ **Банк қызметері:** - Біздің банк теңгеде ашылған депозиттер бойынша тиімді пайыздық мөлшерлемені 5% көтерді. Қандай көлемде салым жасамақсыз? Бізде ең төменгі жарнаның шамасы - он бес мың теңге.
- ▶ **Салымшы:** - Мен қазір бірден бес жүз мың теңге әкелдім.
- ▶ **Банк қызметері:** - Біз сізге қызмет етуге дайынбыз.
- ▶ **Салымшы:** - Шарт бойынша мен кез келген уақытта қажетті көлемде қаражатты жұмсай аламын ба?
- ▶ **Банк қызметері:** - Иә, әрине. Тек ең төменгі жарна сомасы міндетті түрде депозит шотында қалуы керек.

Екінші сұхбат

Несиегер: - Сәлеметсіз бе!

Несие алушы: - Қайырлы күн! Мен сізден 1,5 млн. теңге несие алып, өзіме автокөлік алғым келеді. Шарттарыңызды білуге бола ма?

Несиегер: - *Біріншіден*, сіздің құжаттарыңыз керек, олар: Жеке куәлік; Салық тіркеу нөмірі; Жалақыңыз туралы анықтама; Тұрақты мекен-жайыңыз туралы анықтама; Зейнеткерлік қордан анықтама.

Екіншіден, сіз автокөлік құнының 50%-ын төлейсіз, қалған ақшаны 3 жылға ұзартуға болады. Бір жылда 30% төлеу керек. *Үшіншіден*, сіз автокөлік алатын фирмадан кепілдік қағазын алуыңыз қажет, содан кейін сақтандыру қорына тіркеуіңіз керек. Осы құжаттар дайын болған соң, біз сізге 3 күннің ішінде несие береміз.

Несие алушы: - Егер мен несиені уақытынан бұрын төлесем, сіздер маған қандай жеңілдіктер ұсынасыздар?

Несиегер: - Бұндай жағдайда, келесі алатын несиенің пайыз мөлшерлемесі төмен болады.

Несие алушы: - Берген кеңесіңізге рахмет. Ұсыныстарыңыз жайлы ойланып көрейін.

Грамматикалық анықтағыш:

- ▶ **Сан есім (имя числительное)** - часть речи, которая обозначает количество предметов и отвечает на вопросы қанша? неше? нешінші? нешеу?

Мысалы: бір, екі (один, два), төртінші (четвертый), жетеу (семеро), он шақты (около десяти).

- ▶ **Есептік (Количественное)** Мысалы: *бір, жүз, жиырма мың.*
- ▶ **Реттік (Порядковое)** Мысалы: *бірінші, екінші, бесінші.*
- ▶ **Жинақтық (Собирательное)** Мысалы: *біреу, екеу, ..., жетеу.*
- ▶ **Топтау (Группирующее)** Мысалы: *бірден, екіден, он бестен.*
- ▶ **Болжалдық (Приблизительное)** Мысалы: *бірер, ондаған, үш-төрттей.*
- ▶ **Бөлшектік (Дробное)** Мысалы: *екіден бір, үш бүтін жүзден он төрт.*

Тапсырма 5. Келесі сан есімдерді мағынасына қарай жазыңыз.

- ▶ Бір, бір-екі, үш-үштен, төртінші, бесеу, алтыдан, жетіден бір бөлігі, сегіз шакты, тоғыз, оныншы, он бірге жуық, он екінші, он үшеу, он төртінші.

1. Есептік (Количественное) _____
2. Реттік (Порядковое) _____
3. Жинақтық (Собирательное) _____
4. Топтау (Группирующее) _____
5. Болжалдық (Приблизительное) _____
6. Бөлшектік (Дробное) _____

Тапсырма 6. Мына сөздердің қазақ тіліндегі баламасын тауып, сан есімдерді қатыстырып сөйлем құрастырыңыз .

- ▶ Расчетный счет - Национальный банк -
- ▶ Гарантия - Государственный орган -
- ▶ Конкурент - Филиал -.....
- ▶ Обмен - Доход -.....
- ▶ Свободная цена - Оплаченный капитал -
- ▶ Кризис -

Тапсырма 7. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып, сөйлемді көшіріп жазыңыз.

- ▶ Оның апасы «Халық банкте»
- ▶ «Халық банк» қызметкерлерге жалақыны жоғары деңгейде
- ▶ «Цесна банктің» филиалдары шет мемлекеттерде де
- ▶ Қазақстан банктері халыққа мінсіз
- ▶ Мен өзімнің ақшамды банкте
- ▶ Біздің елімізде банк жұмысы дұрыс жолға
- ▶ Банктер біздің ақшаларымызды
- ▶ «АТФ банк» пен «Казкоммерцбанк» - екінші деңгейлі банктер қатарына
- ▶ Банктер қабылдайды, береді.
- ▶ Қазір кез келген уақытта өзіңіздің ақшаңызды ала аласыз.
- ▶ - ең бай кәсіпорындар тобына жатады.
- ▶ Шаруашылығыңызды дамытқыңыз келсе, банктен алыңыз.

Керекті сөздер: жұмыс істейді, қызмет көрсетеді, бар, сақтаймын, қойылған, несие, ақша, жатады, банк, банктен, сақтайды, қаржы, төлейді.

Тапсырма 8. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып, сөйлемді көшіріп жазыңыз.

- ▶ Оның апасы «Халық банкте» **жұмыс істейді**.
- ▶ «Халық банк» қызметкерлерге жалақыны жоғары деңгейде **төлейді**.
- ▶ «Цесна банктің» филиалдары шет мемлекеттерде де **бар**.
- ▶ Қазақстан банктері халыққа мінсіз **қызмет көрсетеді**.
- ▶ Мен өзімнің ақшамды банкте **сақтаймын**.
- ▶ Біздің елімізде банк жұмысы дұрыс жолға **қойылған**.
- ▶ Банктер біздің ақшаларымызды **сақтайды**.
- ▶ «АТФ банк» пен «Казкоммерцбанк» - екінші деңгейлі банктер қатарына **жатады**.
- ▶ Банктер **төлем** қабылдайды, **ақша** береді.
- ▶ Қазір кез келген уақытта өзіңіздің ақшаңызды **банктен** ала аласыз.
- ▶ **Банк** - ең бай кәсіпорындар тобына жатады.
- ▶ Шаруашылығыңызды дамытқыңыз келсе, банктен **несие** алыңыз.

Керекті сөздер: жұмыс істейді, қызмет көрсетеді, бар, сақтаймын, қойылған, несие, ақша, жатады, банк, банктен, сақтайды, төлем, төлейді.

Үй тапсырмасы:

Сан есімдерді сөзбен жазып, сөйлемдер құрастырыңыз.

Сағат 18:00, 2016 жыл, 16 шақты автокөлік, 3 курс студенті, 1/10 бөлігі,
13,6 млн. теңге, 70-90 техникалық жабдықтар, 100 қаралы, 1000 жуық, 47
тонна, 52 тапсырма, 21 ғасыр.

Тапсырма. Сөздердің қазақша баламасын табыңыз.

- ▶ *А. Банковский* 1. мақсатты
- ▶ *Ә.До востребования* 2. ұтыстық
- ▶ *Б. Именной* 3. ұзақ мерзімдік
- ▶ *В. Срочный* 4. қысқа мерзімдік
- ▶ *Г. Целевой* 5. шұғыл түрдегі
- ▶ *Д. Долгосрочный* 6. банктік
- ▶ *Е. В иностранной валюте* 7. талап етуі бойынша
- ▶ *Ж. Выигрышный* 8. ағымдық
- ▶ *З. Текущий* 9. шетел валютасымен
- ▶ *И.Краткосрочный* 10. атаулы

СӨЖ: Бір банк туралы ақпарат дайындаңыз.

Келесі 50 минут

Ақшаңыз үнемдейсіз бе?

Ой қозғау. Сұрақтарға жауап беріңіз.

- 1) Ақшаны үнемдеу қажет пе?
- 2) Ақшаны үнемдеудің қандай қажеті бар?
- 3) Ақшаңызды қайда жұмсайсыз?
- 4) Дұрыс үнемдеу үшін жоспар құру керек пе?
- 5) Қандай заттарды сатып аласыз?

- 1) Нужно ли экономить деньги?
- 2) На что нужно экономить деньги?
- 3) Где вы тратите свои деньги?
- 4) Вам нужно правильно составить план сохранения?
- 5) Какие предметы вы покупаете?



Бейнежазбаны тыңдап, Өз ойларыңызды айтыңыз



□ <https://youtu.be/XQaE3t1OBMoja0>





Бейнежазба бойынша 5 сұрақ әзірлеңіз.



1.



2.

3.

4.

5.

Мәтінді оқып, өз пікіріңізді айтыңыз.

Үнемдеудің не керегі бар?

"Маған неге үнемдеу керек?" деген сауалға жауап беріп көріңіз. Біріншіден, егер сіздің айқын мақсатыңыз болса, керексіз шығындардан бас тарту оңай. Екіншіден, үнемдеуден де кейде бас тартып, болашақта кірісті көбейту үшін қазір көбірек шығындану немесе көп шығыннан құтылу секілді мақсаттардың бірін таңдауға көмектеседі.

Ақшаны қайда жұмсайсыз?

Не үшін, қанша ақша жаратқаныңызды есептейсіз бе? Өзім ұсақ-түйек заттарға ақша көп жұмсағандықтан, ақшаның қайда кеткенін де білмей қалатынымын: мына жерден кофе, ана жерден ерін далабын, одан соң мойынға тағатын әдемі орамал сатып ала саламын. Тұрмыстық шығындар да осындай.

Қалай дұрыс үнемдеу керек?

Қаржыны дұрыс басқару – бұл жаппай бәрінен үнемдеп, қажетті заттарға ғана жұмсау емес. Бәріне бірден тыйым салып, өзіңізге шектеу қоюға да болмайды. Басты міндет ойын-сауыққа да, басқа да маңызды мақсаттарға да қаражатты жеткілікті етіп ұстай білу. Бұл үшін көп шығынданбаудың жолдарын іздеп, үнемдеуді үйрену керек.

Сатып алуларды жоспарлау, ең қажеттілеріне басымдық беру

Сатып алынатын заттардың ең қажеттісін анықтаңыз. Бұл ең қажетті заттарға ақшаңызды дұрыс бөлуге көмектеседі. Дүкенге дайын тізіммен барыңыз, бұл ретте олардың бағаларына қарап, кейбірін науқандармен сатып алуға тырысыңыз. Бір қаптамаға салынған үш сусынның біреуін тегін алатын немесе екі свитердің бағасымен үш свитер алу сынды тиімді ұсыныстар болады. Алайда, көбіне бұл заттарды сатып алу біздің жоспарымызда мүлдем болмайды, шындығында олар бізге мүлдем керек емес, жоспарланған бюджетке кірмеуі де сондықтан, ал сапасы төмен болғандықтан олар науқанмен сатылып жатыр. Бұл ретте жарамдылық мерзімі бітуге қалған азық түліктердің де қажеті шамалы.

Тапсырма: Мына сөздердің антонимдерін табыңыз:

- ▶ үнемдеу –
- ▶ шығын –
- ▶ көп ақша –
- ▶ табыс-
- ▶ жоғары-
- ▶ ұлғайту-
- ▶ бағалау-
- ▶ ескерту-
- ▶ қиыншылық-
- ▶ сөйлесу-

Үй тапсырмасы:

Жазылым.

Үнемдеу көмектеспегенде не істеу керек?

Үнемдеу – мәселенің шешімі емес. Неден үнемдеу керек екенін жақсы білсеңіз де, әуелі денсаулығыңызды ойлаңыз. Егер табысыңыз аз болып, сіздің мақсатыңызға жету үшін көп қаржы салу керек болса, үнемдеу көмектеспейді.

Табысты көбейтудің жолын іздеу керек. Бұл оңай емес, алайда оған қол жеткізуге болады. Мынаны ескеру керек: әркімнің өз проблемасы бар, сондықтан өзіңіз айтпасаңыз сізді ешкім жоғары бағаламайды да.

Табысты ұлғайтудың екі жолы бар: қосымша жауапкершіліктер алу немесе жұмыс үшін ақыны көбейту. Қосымша жауапкершілік-уақытша шешім екенін есте сақтаған жөн.

Біз жолдасымыз екеуміз алғашқыда көп жұмыс істедік: ол демалыста еңбек етті, мен көп жобалар қолға алдым. Көбірек жұмыс алып, ақшаны көбейту туралы басшылықпен келісуге болады. Бұл еңбек жолыңызды бастаған жылдары біліктілігіңізді арттырады әрі көп қаржы табуға мүмкіндік береді. Алайда, қолыңыз бос болмағандықтан, демалып, спортпен айналысуға уақытың болмайды, дұрыс тамақтана да алмайсыз, салдарынан денсаулығыңызды құртасыз. Бір жылдай осындай ритммен жұмыс істегеннен кейін, біз жолдасымыз екеуміз тез арада бірнәрсені өзгерту туралы ойландық.

Көп нәрсе сіздің ақша тапқаныңызға тікелей байланысты. Жоғары айлық алу үшін басшылықпен жұмыста көтермелеу туралы сөйлесуге, басқа жұмыс тауып, жақсы ақы төленетін күрделі жұмысты орындап үйренуге болады.

Мұғалімдер, дәрігерлер мен инженерлердің де біліктілік курстарынан өту мүмкіндігі бар. Жетістіктері көп жалақыға қол жеткізуге мүмкіндік береді. Алайда бұл салаларда қиынырақ: бюрократиялық бөгеттері бар, еңбек өтілі де керек. Соған қарамастан тырысуға болады, бастысы ағынмен жүре бермей қолдан келетін мүмкіндіктерді аянбай іздеу керек.

Басты міндет – бір жағынан шығынды орынды жұмсау (бюджетті жоспарлаудың еш сөкеттігі жоқ), екінші жағынан өзіңіздің нендей пайда әкелетінін түсініп, оны көрсете білу. Егер, сіздің басшыңызға мұндай тәсіл әсер етпейтін болса, басқа компанияға пайда әкеліп, жұмыс ауыстыру жолын қарастыру керек. Ол үшін сіздің ақшалай тірегіңіз бен қаржыларды басқару бойынша білігіңіз бар, дұрыс па? арнайы ұсыныстар, жеңілдіктер мен промокодтар жиі ұйымдастырылады.

Өзіңізге керек нәрсені арзанынан алуға бола ма, жоқ па, сұраудан қымсынбаңыз.

1. Жеңілдіктер мен бонустар. Банк карточкасын кэшбегімен таңдаңыз, дүкендерде жеңілдік карталарын аштырыңыз. Кэшбек банк картасының және байланыс операторының қызмет көрсету ақысын жабады, ал бонустық карталар бюджетте жоқ тәтті бірнәрселерді сатып алуға мүмкіндік береді. Мен кез келген затты арзанырақ алуға бола ма, жоқ па деп сұраудан еш ұялмаймын: біліктілікті арттыру бойынша онлайн курсты сатып алғанда жеңілдік сұрадым, маған 20% промокод жіберді.

Болашақ туралы ойланамыз, күтпеген жағдайлардан сақ боламыз

Кейбір проблемаларды ескеріп, қауіп– қатерлердің алдын алуға жұмыстанамыз. Қалайша?

Қаржылық тіректі құру. Әр түскен ақшаның 10% жоққа санап, депозитке салып отырыңыз немесе басқа валютаға ауыстырып тастаңыз. Бұл күтпеген жағдайда болатын ауырып қалу, тіпті жұмыстан шығу секілді келеңсіз кездерде сіздің қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін сақталсын. Ең болмағанда 3-6 айға тарықпай күнелте алатын сомаңызды жинап қойыңыз.

2. Саулығыңызды күтіңіз. Асқынған ауруды емдеу қиын және көп қаржыны талап етуі мүмкін: тек қана қымбат дәрілер алып, тексерістен өтіп, ота жасау ғана емес, қалпыңызға келіп, жұмыс істей алғанша көп уақыт керек болады. Мұндай жағдай болмауы үшін барыңызды салыңыз: алдын ала тіс дәрігері, уролог, гинеколог сықылды мамандардан уақытында тексерістен өтіңіз, дұрыс тамақтанып, демалыңыз, спортпен шұғылданыңыз. Бұл үшін көп қаржының керегі жоқ. Медициналық тексерістерден өту тегін, ал өзіңіздің қалпыңызды сақтау үшін көбірек жаяу жүріп, спорт алаңдарында жаттығуға болады.

3. Несиелер мен бөліп төлеулерден бас тарту. Пәтер секілді ірі сатып алуларды несиесіз алу мүмкін емес. Алайда, соңғы кездері тауарларды кепілдіксіз несиеге беру, кредиттік карталар, бөліп төлеулер сияқты ұсыныстар толып кетті. Олардан бас тартқан абзал, азғантай болса да қаржылық міндеттілік қалтаға күш түсіреді. Бірде маған телефонды бөліп төлеп алу керек болды. Аяқ астынан жол жүруім керек болды да, қаражат қажеттілігі туындады, ал қолымдағы телефон жанып кетті. Бұл саяхатымда мен көп қаражат жұмсадым, ал келгеннен кейін мерзімін өткізіп алмау үшін өсімақысыз төлемді уақытында жабу үшін ақша табу керек болды.

Неден үнемдеудің қажеті жоқ

Мен болашақта зияны тимейтін заттардан, сондай-ақ өмірімді жақсартуға алатын мүмкіндіктерден ақша үнемдеуді шештім. Сондықтан мен барлық шығындарды болашақта неге әсер ету мүмкіндігін ескере отырып есептеймін. Мысалы, жүк тасымалдаушыдан ақшаны үнемдеп, жолдасыңыздан үй жиһаздарын өзі тасып кіргізуді сұрасаңыз болады, алайда кейін оның белі ауырса одан көп қаражат жұмсап, уайымға батуыңыз мүмкін. Бұл үнемдеу емес, керісінше келеңсіздікке жол беретін жағдай.

Менің табысым қанша көлемде жұмыс істегеніме тікелей байланысты. Өнімді жұмыс істеуім үшін маған ыңғайлы орындық керек. Бұл үшін ортопедиялық арқалығы бар орындық сатып алдым және йогамен айналысып тұрамын. Өзімді жайлы сезініп, жақсы жұмыс істеп, көп ақша таба бастадым.

- ▶ 1. Мына мәтін бойынша сұрақтар құрып жұптасып диалог жасандар.
- ▶ 2. Мына мәтінге қатысты өз ойыңызды әңгіме ретінде жазыңыздар.
- ▶ 3. Үнемдеуге қатысты кластер құрыңыз.